



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 21 қыркүйек № 377/МД  
Нұр-Сұлтан қаласы

**Заңсыз ақша жинауға  
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына және Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 756 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық қызметкерлерге:

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жұмыстарын жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.

2) Педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

3) Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге шара қолданылсын.

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Курсановаға, Г.Ахметоваға, Б.Карбаеваға, Г.Байзулдаға және педагог-ұйымдастырушы А. Жукановаға лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Курсановаға жүктелсін.

Директор



А. Сегізбай